

5. Nabiyev A. Azerbaijan folk literature. In 2 volumes. 2 volume. Baku, Elm, 2006, 648 p.
6. Tahirzade A. Salman Mumtaz. Biography essay. Baku: "Kur", 2002, 16
7. Salman Mumtaz. Sources of Azerbaijan literature. Baku, Yazichi, 1986, 445, p. 32
8. Salman Mumtaz. Sources of Azerbaijan literature. Baku, Avrasiya press, 2006, p. 440
9. Salman Mumtaz. Sheikh Nizami. Newspaper "Communist". Baku, 1925, № 222

Гадим Руфуллаев
Лянкяранский Государственный Университет

Литературно-исследовательская деятельность Салмана Мумтаза Резюме

Ключевые слова: литературовед, сатирическая поэзия, собиратель фольклора, архив, репрессии.

Статья посвящена Салману Мумтазу, сыгравшему исключительную роль в развитии азербайджанской литературной критики. Подчеркивается, что хотя Салман Мумтаз провел детство в Ашхабаде, остаток жизни он прожил в родном Азербайджане - Баку. Юный Салман, свободно владевший рядом восточных языков, в том числе турецким и русским, интересовался чтением мировой литературы. Эта страсть постепенно привела его к исследованиям. Хотя его первая исследовательская работа была посвящена иранской литературе, позже он заинтересовался исследованиями азербайджанской литературы.

Таким образом, Салман Мумтаз начинает исследование азербайджанской литературы в двух направлениях; письменная и устная литература. Он собрал множество этапов письменной литературы и литературных образцов того периода и опубликовал их в газетах и журналах с некоторыми комментариями. Он был одним из первых в этой сфере. Он впервые представил науке десятки литературных личностей и их литературное наследие. В более чем двадцати книгах он представил этих авторов научному сообществу. Полученные им материалы и рукописи хранились в самой большой библиотеке своего времени, которую он создал, и в окрестностях.

Салман Мумтаз также был фольклористом. Он принимал непосредственное участие в сборе и издании образцов многих жанров народной литературы. Изданы его двухтомные книги «Поэты народа» по искусству азербайджанского ашуга.

Салман Мумтаз, жертва сталинских репрессий 1930-х годов, тоже был поэтом. После ареста его библиотека была уничтожена вместе с редкими экземплярами.

ӘӘЖ 811.512.122 (075)
FTAMP: 16.21.33

ӘДЕБИ ОНОМАСТИКА ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

Сарбасова Қ.Б
фил.ғыл.канд.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры.
Талдықорған қ., Қазақстан.

ЛИТЕРАТУРНАЯ ОНОМАСТИКА И ОНОМАСТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО

Сарбасова Карлыгаш Базарбековна
Канд., фил., наук,

ассоциированный профессор кафедры казахского языка и литературы,
г. Талдықорған, Казахстан.

LITERARY ONOMASTICS AND ONOMASTIC SPACE

Sarbasova Karlygash Bazarbekovna
Candidate of Sciences,

Associate Professor of the Department of Kazakh Language and Literature,
Taldykorgan, Kazakhstan.

АННОТАЦИЯ

В статье описываются методы исследования ономастики художественной литературы в контексте со стилистикой, семантикой и семиотикой, в результате которой появилось новое направление в ономастике «литературная ономастика», имеющая свои особенности и значения. Определены жанровые виды и функции литературной ономастики.

Цель: Целью работы является исследования ономастической лексики значения и символы которых несут различную информацию и выполняют несколько функций. Также работа направлена на определение процессов формирования ономастического поля определенного языка.

Метод: Лингвистическое описание и систематизация.

Результат: Доказано, что ономастическое поле является частью художественного произведения и показателем творческой особенности определенного автора. Определены связи событийного и временного содержания произведения. Также охарактеризована специфика авторского произведения с позиции ономастического поля и выявлены связи между поэтонимов.

ANNOTATION

The article describes the methods of studying the onomastics of fiction in the context of stylistics, semantics and semiotics, as a result of which a new direction in onomastics "literary onomastics" has appeared, which has its own characteristics and meanings. The genre types and functions of literary onomastics are determined.

Purpose: The purpose of the work is to study onomastic vocabulary whose meanings and symbols carry different information and perform several functions. The work is also aimed at determining the processes of formation of the onomastic field of a particular language.

Purpose: The purpose of the work is to study the onomastic vocabulary, the meanings and symbols of which carry various information and perform several functions. The work is also aimed at determining the formation processes of the onomastic field of a certain language.

Method: Linguistic description and systematization.

Result: It has been proven that the onomastic field is a part of a work of art and an indicator of the creative peculiarity of a particular author. The relationship between the event and time content of the work has been determined. The specificity of the author's work is also characterized from the standpoint of the onomastic field and the connections between the poetonyms are revealed.

Ключевые слова: литературная ономастика, ономастическое поле, ономастическая лексика, стилистика, поэтонимы, семантика.

Key words: literary onomastics, onomastic field, onomastic vocabulary, stylistics, poetonyms, semantics.

Көркем мәтіндегі жалқы есімдерді қарастыру шығарманы лингвостилистикалық талдауда ерекше орын алады. Ономастикалық атаулар лексико-грамматикалық және стилистикалық категориясымен ерекшелене отырып, көркем шығарманың образды компоненті болып есептеледі және жалқы есімдер көркем шығарманың, қаламгер шығармашылығының «ономастикалық әлемін» құрайды. Қазіргі уақытта көркем шығарма жалқы есімдерін зерттеудің жаңа бағыты ономастиканың стилистикамен, поэтикамен, мәтін лингвистикасымен, лексикалық семантикамен, семиотикамен тоғысында пайда болды. Бұл бағыт зерттеушілер арасында «әдеби ономастика» деп аталып, термин ретінде орнықты. Сонымен бірге, «поэтикалық ономастика», «ономапоэтика», «стилистикалық ономастика» немесе «ономастистика» тәрізді синонимдес терминдер қолданылып жүр.

Әдеби ономастика көркем шығармадағы, қаламгер шығармашылығындағы барлық жалқы есімдердің қолданылу ерекшеліктерін зерттейді. Ұлттық ономастикадағы жалқы есімдердің түрлері, разрядтары әдеби ономастикада тура немесе жанама түрде көрініс табады. Олар көркем шығарманың жанры, семантикалық құрылымы, ономастикалық кеңістік аясының кеңдігімен, ономастикалық бірліктердің эстетикалық мәнімен ажыратылады. Әдеби ономастика өмірдегі шынайы ономастика мен ойдан шығарылған ономастиканың қаламгер шығармашылығындағы және жеке шығармадағы орнын анықтайды. Профессор Ю.А. Карпенко «Имя собственное в художественной литературе» атты мақаласында әдеби ономастиканың мынандай белгілерін атап көрсетеді:

1. Әдеби ономастика үнемі екіншілік, ол ұлттық ономастика фонында қабылданады, яғни объектив дүниенің субъективті бейнесі. Көркем бейнелеудің әдісіне, уақыты мен әлеуметтік ортасына қарай жалпытілдік жүйе қаламгерге өзінің модельдері мен нормаларын береді.

2. Әдеби ономастика автордың жеке басына тәуелді, ол қаламгердің көркем шығарманың жанры, стилі, тақырыбы, идеясына сай еркін шығармашылық ізденісі, таңдауы негізінде туындайды, ал жалпытілдік ономастиканың белгілі бір әлеуметтік ортада, ұлт тілінде табиғи және ұзақ тарихи дамудан өтеді.

3. Әдеби ономастика «атау ақпараттық және эмоциялық тұрғыда функционалдық қайта құруға ұшырайды» Ол, ең алдымен, стилистикалық функция орындайды. Жалқы есімдер ауызекі сөйлеу тілінде объектілерді ажыратып, атайды, ал көркем тілдегі жалқы есімдер дифференциалдық функциямен қоса, эстетикалық, көркемдік, әлеуметтік және басқа да қызметтерді атқарады.

4. Егер реальді ономастика тілдің сөздік құрамына кіретін болса, онда ол-«тіл фактісі», ал әдеби ономастика - көркем «сөз фактісі».

5. Көркем шығарманың әрқашан тақырыбы болатыны анық және ол көркем шығарманың ономастикалық кеңістігінің негізгі компоненті болып есептеледі.

Әдеби ономастиканың аталған жалпы белгілеріне әдеби шығарманың өзіндік және жүйелік ұйымдастырылуының ерекшеліктерінен туындайтын жеке белгілер де болуы мүмкін. Біздің ойымызша, әдеби ономастиканың аталған ерекшеліктері әмбебап, олар барлық жанрдағы әдеби-көркем мәтінге ортақ. Әдеби ономастиканың аталған белгілері жалпытілдік ономастикадан

типологиялық және функционалдық тұрғыда айырмашылығын көрсетеді. Бұл белгілер әдеби ономастиканың пәнін ғана емес, зерттеу аспектілерін де сипаттайды. Заманауи әдеби ономастиканың маңыздылығы оның жалпы стилистиканың, мәтін лингвистикасының идеясы мен әдістерімен байланысынан көрінеді. Мәтін ономастиканың өзі, оның көлемі, құрамы, іріктелуі, контекспен арақатынасы қаламгердің таңдаған көркемдік әдістері мен жанр заңдылықтары негізінде анықталады. Осының арқасында көркем сөз шеберінің еңбектерінде ономастикалық әлем жасалып, өмір сүреді. Сондықтан көркем шығармаға тиісті жалқы есімдерді таңдау, орынды қолдану қаламгер үшін оңай соқпайды. Көркем әдебиеттегі жеке автор шығармаларының ономастикалық әлемін анықтап, зерттеп, талдау, зерделеу қиын мәселелердің бірі болғанымен, өте қызғылықты. Кез келген атау - семантикалық жақтан жұмбақ. Жалқы есімдердің халық санасындағы және жазушының эстетикалық міндеттерін жалпытілдік, мәдени-психологиялық коннотациясына сүйене отырып шешуге болады. Бұл жөнінде В.В.Виноградовтың көркем шығармадағы жалқы есімдер «мәнді, мәнерлі және әлеуметтік сипатты» деген тұжырымымен толықтай келісуге болады [1, 37 б.].

Әдеби ономастиканы жанрлық жақтан жіктеуге болады:

а) поэзия ономастикасы немесе или поэтикалық ономастика - лирика, поэмалар, балладалар; б) көркем проза ономастикасы немесе көркем ономастика - әңгіме, повесть, романдар; в) драматургия ономастикасы немесе драматургиялық ономастика - комедия, драма, трагедиялар.

Ауызекі сөйлеу тіліндегі топонимдерді қолдану мен көркем шығармаларда топонимдерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ю.А.Карпенко әдеби ономастика 1) әрдайым екінші, ол жалпыхалықтық ономастика аясында қабылданады; ол объективті нәрсенің субъективті көрінісі; 2) автор тұлғасымен және шығармашылығының уәждерімен, мекен уақыты, әлеуметтік орта нормаларымен түсіндіріледі; 3) ақпарат пен атау сезімі тұрғысынан қолданыстық қайта құрылуды саралайды; 4) ол - сөйлеу дерегі, ал нақты, жалпыхалықтық түрдегі ономастика - тіл дерегі; 5) әдеби шығармалардағы басты атау - оның тақырыбы, соңғысы зерттеуші назарынан жиі тыс қалып қояды деп есептейді [2, 220 б.].

В.И.Супрун көркем шығармалардағы жалқы атаулар қандай мөлшерде болмасын үш қызметті атқара алады: 1) мәтін негізі ретінде - бас кейіпкерді белгілеу; 2) ономастикалық ая түзу; 3) факультативтік сипаттағы ажыратушы таңба ретінде қызмет етеді деген тұжырым жасайды.

Жалқы есімдер кездеспейтін мәтіндер кем де кем. Онимдер кез-келген көркем шығармада мәтінтүзушілік қызмет атқарады. Аңыз әңгімелер, ертегілер мен кейбір лирикалық өлеңдердің, эпикалық және драмалық шығармалар тілінің

ажырамас бөлігі болып табылады, ақпараттық, адрестік, т.б. қызметтерімен қатар, «көркем әдебиеттегі жалқы есімдер (немесе стилистикалық ономастика) көркем образдар жасау құралдарының бірі» болып табылады. [3, 35 б.].

«Әдеби шығарманың тұтас мәтінде жалқы есім оның стилистикалық жүйесінің басты компоненті ретінде қолданылады, мәтіннің барлық деңгейдегі семантикалық композициясын жасауда жетекші рөл атқарады: желілік, сюжеттік-образдық, идеялық-мағыналық» [4, 154 б.].

1. Теориялық ономастиканың негізгі ұғымдарының бірі - ономастикалық кеңістік. Ғалымдар бұл ұғымға түрлі анықтама бергенімен, жалпы, ономастикалық кеңістік турасында зерттеушілер пікірі бір арнаға саяды. Қазақ тілі жалқы есімдерінің жиынтығы қазақ тілінің ономастикалық кеңістігін құраса, көркем шығармада қамтылған барлық жалқы есімдер көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін құрайды. «Теория и методика ономастических исследований» (В.Э. Сталтмане., Н.В. Подольская., А.Х. Султанов. Ленинград, 1986ж) атты ұжымдық еңбекте А.В. Суперанская: «ономастическое пространство – это сумма имен собственных, употребляющихся в языке данного народа для именованья реальных, гипотетических и фантастических объектов. Оно определяется моделью мира, существующей в представлении этого народа в настоящее время, но в ней всегда сохраняются элементы прежних эпох. У людей, принадлежащих к разным культурам, эпохам, территориям, ономастическое пространство имеет совершенно различное наполнение. При этом ономастизируются различные классы предметов. Мир реальных вещей дополняется миром вещей фантастических и гипотетических, тем не менее, принимаемых за реальные» дейді, ал ономастикалық шек туралы жалқы есімдердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, «поле в ономастике – это прежде всего определенная сфера соотносительности имени... Имя включается в одно общее нерасчлененное ономастическое поле, входящее в комплекс семантических полей. Это поле может быть разделено на более частные в связи с объектной соотносительностью имен: антропонимическое, топонимическое и т.д. в соответствии со сферами, на которые мы делим ономастическое пространство» деп түйіндейді. Сонымен, ономастикалық лексика таңбалар мен символдардан тұрады, өз кезегінде олар белгілі бір дәрежеде түрлі ақпараттарға ие.

Халық тіліндегі ақиқат, гипотетикалық, фантастикалық нысандар атауларының жиынтығы, яғни адамзат пен ғаламзаттың, құбылыс пен ұғым атауы ономастикалық кеңістікті құрайды. Ал көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін шығармадағы барлық жалқы есімдер – поэтонимдер құрайды. Шығарманың ономастикалық кеңістігі шығарманың жанры мен жазылған уақытымен, қамтылған оқиғасымен байланысты болмақ. Бір автор шығармаларының ономастикалық кеңістігін анықтау белгілі бір ұлт

көркем әдебиетінің поэтонимдерін саралауға мүмкіндік береді. Көркем әдебиеттің ономастикалық кеңістігі ономастикалық зерттеудің нысаны мен сипатына қарай анықталады. Шығарманың ономастикалық кеңістігін анықтауда поэтонимдердің сипаты мен бейнелілік тудыратын қызметін анықтап қоймай, басқа бірліктермен байланысы, қатысы ашылуы қажет. Ономастикалық кеңістік - біріншіден, көркем шығарманың жалпы бейнелік құрайтын құрамдас бөлшегі. Екіншіден, автордың шығармашылық ерекшелігінің көрсеткіші. Үшіншіден, жанрлық, стильдік белгілері, шығарма мазмұнындағы оқиға мен шығарма жазылған кезең ерекшеліктерінің арақатынасын көрсетеді. Жеке автор шығармалары толығымен ономастикалық кеңістік тұрғысынан зерделенгенде, қаламгер жүгінген ономастикалық жүйені түсінуге, нақты бір шығармадағы поэтонимдердің өзара қарым-қатынасын көрсетуге, қалыптасуы, дамуы мен қызметтерін жеке авторлық және әдеби тіл заңдылықтары тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Көркем мәтіндегі антропонимдер, топонимдер, зоонимдер және басқа онимдер жеке зерттеу нысаны бола алады. Сонымен қатар, олар бірлікте қарастырылса, шығарманың жалпы ономастикалық кеңістігінің ономастикалық шегін құрайтын болады. Белгілі бір семантикалық топ ішінде қарастырылған поэтонимдердің ішкі қасиеттері толығырақ ашылады. Олар басқа ономастикалық шек поэтонимдерімен экспрессивті - мағыналық байланысын сақтай отырып, көркем шығарманың біртұтас ономастикалық кеңістігінің сипатын ашады. Поэтонимдер көркем бейнелілік құралдар жүйесіндегі ең құнды компонент болып табылады және ономастикалық кеңістіктің бір түрін құрайды. Көркем мәтін құрылымындағы ономастикалық кеңістіктің ұйымдастырушылық рөлі кеңістіктің жүйелілігімен анықталады, яғни семантикалық функцияға, олардың сөзжасамдық ерекшеліктеріне, стилистикалық ерекшеліктеріне, ультрадыбыстық категорияға қатысына, экспрессивтілік дәрежесіне байланысты тиісті атауларды лексикалық категорияларға топтастыруға болады. Бұлардың барлығы көркем шығармада көрініс таба отырып, адами қарым-қатынасты, жақындық реңктерін, формальдылықты, жас ерекшеліктерін және басқа модальды сипаттамаларды оқырманға жеткізуде маңызды рөл атқарады. Поэтонимдердің көп қырлы ономастикалық өрісі эпикалық шығармаларда көрініс табады. Онда әртүрлі категориядағы поэтонимдердің энциклопедиялық және тілдік ақпараты кеңінен қолданылады. Көркем шығарманың ономастикалық кеңістігінің ерекшелігін анықтауда сандық көрсеткіш маңызды рөл атқармайды. Себебі ономастикалық кеңістіктегі бірліктердің саны көркем мәтіннің көлеміне тәуелді емес. Көбінесе поэтонимдердің саны көркем шығарманың мақсаты мен міндеттеріне негізделіп алынады.

Ономастикалық кеңістікке онимдердің енуі шартты болып келеді. Бұл ұлттық ономастиканың поэтикалық ономастикадан айырмашылығы болып

табылады. Сонымен қатар, көркем шығармада ономастикалық кеңістік басқа онимдерді қабылдамауымен сипатталады. Бұл да – поэтикалық ономастикалық кеңістік пен ұлттық ономастикалық кеңістіктің негізгі айырмашылықтары. Ұлттық ономастикалық кеңістікке сапалы өзгеріске айнала алатын сандық динамика тән.

Көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қалыптастырудың екі кезеңін көрсетуге болады. Бірінші кезең автордың көркем шығарма идеясынан бастап шешуші кезеңге дейінгі жұмыс кезеңін қамтиды. Екінші кезеңде белгілі бір көркем шығармаға уақыт пен кеңістікте еш өзгеріссіз қызмет атқаратын поэтонимдер статикалық түрде бекітіледі. Көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қажетті поэтонимдермен толықтыру динамикасы тек бірінші кезеңге ғана тән. Көркем шығармамен жұмыс жасау барысында поэтонимдерді еркін алмастыруға, жұмыс контекстінде олардың функцияларын өзгертуге болады. Бұл көркем шығармашылықтың субъективті мотивтерімен түсіндіріледі. Көркем шығарманың ономастикалық кеңістігіне ұлттық ономастикада белсенді немесе пассивті қызмет атқаруына қарамай әртүрлі поэтонимдер кіруі мүмкін. Көркем мәтінде ұлттық ономастикалық онимдердің көптеп кездесуіне қарамастан, поэтонимдердің де екі категориясы кездеседі. Олар – антропонимдер мен топонимдер. Антропонимдер мен топонимдер арнайы мақсаттағы көркем шығармаларды (ертегілер, жануарлар туралы әңгімелер, фантастикалық көріністер және т.б.) қоспағанда, баяндаудың барлық ономастикалық фонын анықтайды. Көркем шығармадағы поэтикалық антропонимдердің үлесі басқа онимдерден, тіпті топонимдерден де асып түседі. Мұндай антропоцентризм көркем шығарманың ономастикалық кеңістігінің маңызды ерекшелігі болып табылады. Көркем шығарманың ономастикалық кеңістігінің тұрақтылық, тұйықтық және антропоцентристік тәрізді белгілері оны еркін, автономды жұмыс істейтін құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда көркем шығарма авторы құрастырушы, әзірлеуші рөлін атқарады. Автор көркем шығармамен жұмыс жасау барысында, негізінен, ұлттық ономастиконға сүйене отырып, алғашқы поэтонимдерді іріктеуде шығармашылығына ерік береді.

Поэтикалық ономастиканың маңызды белгілерінің бірі: оның ұлттық ономастикаға қарағанда екінші кезекте болуы, ол көркем шығарманың ономастикалық кеңістігіндегі жүйелік қатынастардың тұрақтылығына әсер етеді. Бұл принцип мүлдем шындыққа жанаспайтын оқиғаларды баяндауда көркем мәтіндегі шынайылықты сақтауға көмектеседі. Ономастикалық кеңістік жазушының сөздік қорының бір бөлігін құрылымдық тұрғыдан қамти отырып, автордың жеке даралығы мен шеберлік деңгейін сипаттайды. Көркем мәтіннің ономастикалық кеңістігін ұйымдастыруда антропонимдер басты қызмет атқарады. Себебі көркем мәтін оқырманды мәтіндік кеңістікте

бағыттайтын ономастикалық оське негізделген. Шығарма кейіпкері антропонимдермен ғана аталады. Егер жазушы кейіпкерлерді бейнелеу мақсатында апеллатив есімдерді қолданса, олар онимделіп, контекстік антропонимдерге айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Виноградов В. О художественной прозе // О языке художественной прозы. - М.: Наука, 1980. - 358 с.
2. Суперанская А. Теория и методика

ӘӨЖ 811.512.122 (075)

FTAMP: 16.21.33

ономастических исследований. М., Наука, 1986. - 255 с.

3. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. /Жауапты ред. Т.Жанұзақов. -Алматы: Ғылым, 1989. -256 б.

4. Әлімхан А. Шығыс Қазақстанның оңтүстік аймағы

топонимдерінің тілдік және этномәдени негіздері. /Филол. ғылым. канд.

дисс. Алматы, 2001. -149 б.

«АЛАСАПЫРАН» РОМАНЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДІК РЕАЛИЙЛЕРДІҢ ҚЫЗЫМЕТІ

Сарбасова Қ.Б.

фил. ғыл. канд.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Талдықорған қ., Қазақстан.

Мухамадиева С.С.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2-курс магистранты,

Талдықорған қ., Қазақстан.

РОЛЬ АНТРОПОНОМИЧЕСКИХ РЕАЛИЙ В РОМАНЕ «АЛАСАПЫРАН»

Сарбасова Карлыгаш Базарбековна

Канд., фил., наук,

ассоциированный профессор кафедры казахского языка и литературы,

г. Талдықорған, Казахстан.

Мухамадиева Сания Сарсенбаевна

2-курс магистра казахского языка и литературы,

г. Талдықорған, Казахстан.

THE ROLE OF ANTHROPONOMIC REALITIES IN THE NOVEL "ALASAPYRAN"

Sarbasova Karlygash Bazarbekovna

Candidate of Philology,

Associate Professor of the Department of Kazakh Language and Literature,

Taldykorgan, Kazakhstan.

Mukhamadieva Saniya Sarsenbaevna

2-course Master of Kazakh Language and Literature,

Taldykorgan, Kazakhstan

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются имена собственные, входящие в категорию реалий, также описываются границы между реалиями и именами собственными. Сообщается роль антропонимов в романе.

Цель: выявление материальных реалий в романе, в том числе антропонимов –имен героев, с помощью которых показать национальный менталитет и грань казахской истории. Доказать, что между реалиями и именами собственными есть различия.

Результат: Реалии по материальной специфике подразделяются на несколько видов. Первый вид – вид реалий по материальной специфике, состоит из географических, этнографических, общественно-политических реалий. «Географические реалии» отождествляют с «ономастическими реалиями», в состав которых входят топонимы и антропонимы. Примерами художественных произведений, доказывается неразрывная связь определенных реалий с народом, являющегося создателем, пользователем и владельцем языка.

ANNOTATION

The article discusses proper names that are included in the category of realities, and also describes the boundaries between realities and proper names. The role of anthroponyms in the novel is reported.

Purpose: identification of material realities in the novel, including anthroponyms - the names of heroes, with the help of which to show the national mentality and the facet of Kazakh history. Prove that there are differences between realities and proper names.